

Мына суреттегі шайқастан **бұрын** екі жақтың қарым-қатынасы қандай болды деп ойлайсыз?

Суреттегі шайқастан **бұрын** қандай оқиға болуы мүмкін?

Бұл шайқастан **кейін** қандай өзгерістер болды деп ойлайсыз?


Шайқастан **кейін** осы жердің аты қалай аталуы мүмкін?



Бұрын, ....бұрын....кейін, .....кейін

*Сабақ тақырыбы:*

**Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай?**



# Оқу мақсаттары

:

7.2.2.3 көшпелілердің  
әскери өнері  
жетістіктерін сипаттау

7.3.2.7 Орбұлақ  
шайқасындағы қазақ  
жасағының әскери  
өнердегі шеберлігі мен  
ерлігін бағалау

## *Сабақтың мақсаты:*



- Орбұлақ шайқасындағы қазақ сарбаздарының әрекеттеріне баға береді және ерліктерін сипаттайды;
- Көшпелілердің әскери өнерін сипаттайды.



## *Зерттеу сұрақтары:*

- Орбұлақ шайқасының ерекшелігі неде?
- Орбұлақ шайқасында қазақ жасақтарының жоңғар әскерін жеңудегі құпиясы неде?
- Орбұлақ шайқасының қазақ тарихындағы маңызы қандай?

# 300 спартандықтың ерлігі пен Орбұлақ шайқасының қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?





Фермопил шайқасы



Орбұлақ шайқасы



«Дүниежүзі тарихы» пәнінен Фермопил шайқасын еске түсірейік. Парсыларға қарсы күресте 300 спарталық опат болған б.з.д. 480 жылғы Фермопил шайқасы, 1643 жылы 50 мың жоңғар әскеріне төтеп берген 600 қазақ жауынгерінің ерлігін көрсететін Орбұлақ шайқасы. Екі шайқас арасын шамамен 2200 жылдай уақыт бөліп тұр. Шайқас өткен жердің табиғи-географиялық ерекшеліктері соғыстың барысына қалай әсер етуі мүмкін?

Суреттерге қарап, шайқастардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар

## Салыстырайық!

**Орбұлақ  
шайқасы**  
Айырмашы  
лығы:

- 1.
- 2.

Ұқсастығы:

- 1.
- 2.

**Фермопил  
шайқасы**  
Айырмашы  
лығы:

- 1.
- 2.

# XVII ғ.басындағы Қазақ хандығының жағдайы қандай еді?





# **XVII ғ.басындағы Қазақ хандығының жағдайы**

**Жүздер арасында байланыстың нашарлауы**

**Феодалдық қырқысулар**

**Саяси тұрақсыздық**

**Саяси бытыраңқылық**

**Хандық биліктің әлсіреуі**

**Салдары:**

**Жоңғар шапқыншылығы күшейді**




Жәңгір хан билігі тұсында қазақтар мен ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас болған:

- **бірінші шайқас — 1635 жылы**
- **екіншісі — 1643 жылы**
- **үшіншісі — 1652 жылы**

# 1-тапсырма. Бейнематериалды тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер

Орбұлақ шайқасы тарихи маңызды шайқастардың қатарына еруге лайық па? Жауабыңды дәлел келтіріп негізде. (Д/Т)



## *Дескрипторлары:*

- Орбұлақ шайқасының ерекшеліктерін атайды;
- Орбұлақ шайқасындағы Жәңгір ханның, қолбасшылық роліне дәлел келтіреді;
- Қазақ сарбаздарының әскери өнерін, соғыс тактикасы немесе қолданылған ұтымды әскери тәсілдерін сипаттайды;

<https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/zhanggir-xan-tusyndaqy-qazaq-zhonghar-qarsylyhy?mid=065d8340-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051>



## ■ Орбұлақ шайқасы

### ■ Бейнематериалды тыңдап сұрақтарға жауап беріңдер.

- Қазақ әскерінің қолбасшысы кім болды?
- Батыр қонтайшының әскерінің саны қанша болған?
- Орбұлақ қай жерде орналасқан?
- Қазақ сарбаздарының саны неге аз болды?
- Жәңгірді неге «Салқам Жәңгір» деп атаған?
- Орбұлақ шайқасында қазақ жасағы тарапынан қандай ұтымды әскери тәсілдер қолданылды?
- Орбұлақ шайқасының тарихи маңызы неде?



Мылтықшы мерген




<https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/zhanggir-xan-tusyindahy-qazaq-zhonghar-qarsylyhy?mid=065d8340-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051>

- 2-тапсырма Оқулықтың 153-154 беттеріндегі мәтінді оқып, қазақ әскерлерінің соғыс тактикасы көрсетілген деректермен танысып, жеңіске жетуінің негізгі 3 факторын анықтаңдар. (Д/Ж)



**2-тапсырма.** Орбұлақ шайқасында қазақ әскерінің жеңіске жетуіне әсер факторларды маңызы бойынша ретімен қойып, жіктеп, түсіндір.



- Жәңгірдің мықты әскери қолбасшылығы
- Әскердің шеберлігі, ерлігі
- Жоңғарлардың қазақ жеріндегі табиғи ерекшеліктерін білмеуі
- Қазақ жасақтарының жағынан жан-жақты ойластырылған әскери тактикасы
- Жалаңтөс батырдың әскери көмегі
- Қазақ хандығының мықты әскери қару-жарағы болуы

*Дескрипторлары:*

- Орбұлақ шайқасындағы қолданылған соғыс тактикаларының тиімділігіне қарай бағалайды;
- қазақ әскерінің жеңіске жетуіне әсер факторларды маңызы бойынша ретімен қойып, жіктеп, түсіндіреді.
- Шайқас нәтижесі және тарихи маңызын бағалайды.

# Шайқас батырлары кімдер?

- Орбұлақ шайқасын ұйымдастырушы **Жәңгір** ханға тек **Жалантөс батыр** ғана емес қазақтың ержүрек, дарабоз батыр, жыраулары да түйіле қатынасты. Атап айтар болсақ, арғын **Ағынтай**, **Қомпай**, найман **Көксерек**, **Бөдес**, шапырашты **Қарасай**, алшын (тана) **Жиёмбет** жырау, қаңлы **Сарбұқа**, суан **Елтінді**, дулат **Жақсығұл** т.б. батырлардың үлесі шайқастың жеңіске жетуіне де өз септігін тигізді.



# Қорытындылайық



2008 жылы 15 желтоқсанда Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «**Орбұлақ пен Аңырақайдағы** тарихи маңызды жойқын жеңістер де Азаттықтың ақ туы астында желбіреді», – деп атап өтті.



Сенің ойыңша, Орбұлақ шайқасы жүз ұлы шайқастар қатарында болуы керек пе? Егер сен сол кезде өмір сүрсең, жеңген немесе жеңілген ел тарапынан қалай жазар едің?



## Шығармашылық тапсырма:

Қазақ жасағының Орбұлақ шайқасында жеңіске жету құпиясы туралы «кітап парағын» немесе шайқас макетін жасау. (Д/Т)

*Дескрипторлары:*

1. Мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі
2. Суреттер мен иллюстрацияларды кіріктіру
3. Тақырыпқа байланысты білімі мен түсінігі бар
4. Креативтілігі



# РЕФЛЕКСИЯ

- Бүгінгі сабақтан мен не білдім?
- Сабақ барысында қандай қиындыққа кездестім?
- Сабақ барысында қандай сұрақ туындады?



# Қосымша ресурстар

- <https://www.youtube.com/watch?v=NTcuTOxA0SI> / ТАРИХАҒАЙ №10: ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ / ОРБУЛАКСКАЯ БИТВА. 11 мар. 2019 г. (5 минут)
- <https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/6-synyp/zhanggir-xan-tu-syndahy-qazaq-zhonghar-qarsylyhy?mid=065d8340-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051> / Жәңгір хан және қазақ-жоңғар қарсылығы (4,19 минут)
- Қазақ хандығының 550 жылдығы: Орбұлақ шайқасы - еліміздің тарих жолын өзгерткен күн / 10 октябрь, 2015/  
<https://zhardem.kz/news/7307>
- <https://www.youtube.com/watch?v=Fqsl0U7drHU> / Ұшқын Жамалбек - Орбұлақ шайқасы (OST Орбұлақ шайқасы / аудио)